

07.09.2018



Еуразиялық Банк

«Еуразиялық банк» АҚ
Директорлар кеңесі
Бекіткен
2014 ж. «25» желтоқсандағы
№ 179 хаттама

көпшілік пайдалануы үшін

**ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ЖӘНЕ
ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ
ЕРЕЖЕСІ**

ЕР



 Еуразиялық Банк	ЕР	1-бет 2 11
	ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕСІ	

Инсайдерлік ақпаратқа және оны пайдалануға қолжетімділікті ішкі бақылау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңдарына, 24.02.2012ж. № 69 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету ережесіне, 26.02.2014ж. № 29 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен бекітілген екінші деңгейлі банктер үшін ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру ережесіне, «Қазақстан қор биржасы» АҚ Инсайдерлік ақпарат тізімдемесіне, Ішкі нормативтік реттеу, Ішкі нормативтік реттеуді ұйымдастыру ережесіне сәйкес әзірленген.

1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1. Ереже Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдаланғаны және өкімдеуі үшін бақылау жүргізу және ұйымдастыру бойынша талаптар мен нормаларды орындау үшін міндеттілерді анықтау және Инсайдерлік ақпаратты инсайдерлердің құқыққа сай пайдаланбау мүмкіндігіне жол бермеу мақсатында әзірленген.

2. Ережеде Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) заңнамаларында қарастырылған негізгі түсініктер, сондай-ақ келесі түсініктер, қысқартулар мен шартты белгілер пайдаланылады:

1) инсайдерлік ақпарат – бағалы қағаздар (туынды қаржылық құралдар) туралы, олармен мәміле, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын олардың қызметін жүзеге асыратын бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдардың) шығарылуы, эмитенті туралы, сондай-ақ ашып көрсетілуі бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдардың) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін үшінші тұлғаларға белгісіз өзге ақпарат;

2) Банк инсайдерлерінің шоғырландырылған тізімі – жауапты бөлімшелер және /немесе жеке және заңды тұлғалар берген деректердің негізінде келтірілген инсайдерлердің жалпы тізімі;

3) сауданы ұйымдастырушы(-лар) - бағалы қағаздар нарығының биржадан тыс қор биржалары және баға белгілейтін ұйымы (-дары);

4) жауапты бөлімшелер - Банкте инсайдерлердің туындауы/тоқтатылуы туралы комплаенс - бақылау және ішкі бақылау бөлімшесін өз уақытында ақпараттандыруға жауапты Банктің құрылымдық бөлімшесі. Осындай құрылымдық бөлімшелер өз шеңберінде Банктің инсайдерлерімен шарттар жасауды қамтамасыз ететін, Банктің корпоративтік оқиғаларын ұйымдастыруға тікелей қатысатын бөлімшелер болып табылады, Банкте инсайдерлердің туындауы/ тоқтатылуы туралы ақпаратты алуы мүмкін жауапты бөлімшенің қызметкерлері іс барысында өзге әрекеттерді де жүзеге асырады;

5) туынды қаржылық құрал – а) туынды қаржылық құрал — құны болашақта осы шарт бойынша есеп айырысуды жүргізуді қарастыратын шарттың базалық активінің мөлшеріне (мөлшерінің ауытқуын қоса алғанда) байланысты болатын шарт; б) туынды қаржылық құралдарға осы белгілерге жауап беретін опциондар, фьючерстер, форвардтар, своптар және басқа туынды қаржылық құралдар, оның ішінде жоғарыда атап өтілген туынды қаржылық құралдардың қисындастырылуын көрсететіндер жатады; в) туынды қаржылық құралдардың базалық активтері тауарлар, тауарлардың стандартталған партиялары, бағалы қағаздар, валюта, индекстер, пайыздық мөлшерлемелер және нарықтық құны, болашақ оқиғасы немесе жағдайы бар басқа активтер, туынды қаржылық құралдар болып табылады;

3. Ереже Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануды реттеуге бағытталған және оған жататындар:

1) Банктің инсайдерлік ақпаратын және Банктің инсайдерін анықтау;

2) Банктің инсайдерлік ақпаратын өкімдеу және пайдалану тәртібін, Банктің инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету тәртібі мен мерзімін анықтау, Банктің инсайдерлік ақпаратының тізімін жүргізу, Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқығын шектеу;

3) инсайдерлік және құпия ақпаратты пайдаланғаны үшін бақылау бойынша шараларды әзірлеу және жүргізу.

4) Банктің инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын қорғау ережесі.

4. Банктің инсайдерлік ақпараты болып табылатын ақпарат Ережеге №1-қосымшаға сәйкес анықталады.

5. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайтындары:

5) инвестициялық шешім қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржылық құралдармен) операцияларды жүргізу туралы ұсыныс немесе кепілдеме дайындауда жүргізілген эмитенттің (оның ішінде Банктің) мүліктік жағдайына, бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдардың) құнына қатысты зерттеулерді, болжамдар мен бағаны қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтердің негізінде дайындалған ақпарат;

6) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпараттар;

7) тұлғалардың арасында кеңінен таратылған негізі белгісіз, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Банктің ағымдағы немесе жоспарлы қызметіне қатысты ұсыныс.

2-бөлім ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. Банктің инсайдерлері және Банктің инсайдерлерінің тізімі. Инсайдерлер үшін шектеулер

§ 1. Банктің инсайдерлері. Банктің инсайдерлерінің шоғырландырылған тізімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі

6. Банктің Инсайдерлері болып табылатындар:

1) Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелері;

2) Банктің Басқарма мүшелері;

3) Басқарма құрамына кірмейтін Банктің Басқарушы және Атқарушы директорлары, Банктің Бас бухгалтері;

3)-1) келесі алқалық органдардың мүшелері (тұрақты мүшелері және оларды ауыстыратын тұлғалар):

- Аудиторлық комитет;

- Тәуекелдер және ішкі бақылау бойынша комитеті;

- Директорлар кеңесінің кредиттік комитеті;

- Стратегиялық жоспарлау және әлеуметтік мәселелер бойынша комитет;

- Сыйақы бойынша комитет;

- Нарықтық тәуекелдер мен өтімділікті басқару жөніндегі комитет;

- Бас кредиттік комитет.

4) Өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттемелеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті иеленген Банктің бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ алқалық жұмыс органдарының хатшылары, басшының ассистенті, басшының ассистент –аудармашысы, басшының хатшы-референті, кеңесшілер;

4-1) ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері;

5) Банктің дауыс беруші акциясының 10 және одан да көп пайызын жанама немесе тікелей өкім және (немесе) пайдалану күшінде Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті иеленген тұлғалар;

6) аудиторлық ұйым, бағалаушы, БҚН кәсіби қатынасушылары және Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсетуді қарастырған талаптарда жасалған шартқа (оның ішінде ауызша) сәйкес Банкке қызмет көрсететін басқа тұлғалар;

7) Банктің шығарған (берген) бағалы қағаздары (туынды қаржылық құралдары) тізіміне енген сауданы ұйымдастырушылар;

8) қор биржаларының, қор биржаларының листингтік комиссиясының және айла-шарғы жасау мақсатында жасалған бағалы қағаздармен мәмілені тану мәселелерін қарастыру мақсатында құрылған Банктің бағалы қағаздармен мәмілесіне қорытынды жасайтын сауда жүйесіндегі қор биржасының сараптамалық комиссиясының директорлар кеңесінің мүшелері;

9) олардың міндетіне берілген БҚН субъектілерінің қызметін қадағалау және мемлекеттік бақылау бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті иеленген мемлекеттік қызметкерлер;

10) Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті өздеріне берілген өкілеттіктің күшімен иеленген Ереженің осы тармағының 5) – 7)тармақшасында көрсетілген ұйымдар мен Банк мүшелері болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен өзін-өзі реттеуші ұйымдар;

11) Өздерінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттемелеріне байланысты Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті иеленген Ереженің осы тармағының 5), 6), 7) және 10)-тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың қызметкерлері;

12) Банктің инсайдерлік ақпаратын жоғарыда атап өтілген тұлғалардан алған тұлға.

7. Банк Банктің инсайдерлерінің тізіміне Ереженің 6-тармағының 1)– 7)тармақшаларында көрсетілген тұлғалар ғана енгізіледі. Банктің инсайдерлерінің тізімі дербес деректерді баяндайды және құпия құжат болып табылады.

8. Комплаенс және ішкі бақылау бөлімшесі Банктің инсайдерлерінің шоғырландырылған (электрондық түрде және қағаз тасымалдаушыда) тізімін жүргізеді, ол өзекті жағдайда қолданылады және ай сайын келесі деректерде жаңартылып тұрады:

1) осы Ереженің 6-тармағының 1), 2)тармақшалары бойынша –корпоративтік басқару бөлімшесі берген деректері негізінде; 2)

2) осы Ереженің 6-тармағының 3), 4)тармақшалары бойынша (бөлімшелердің басшылары, басшылардың ассистенттері, басшылардың аудармашы – ассистенттері, басшылардың және кеңесшілердің хатшы – референттері бөлігінде) – берілген қызметкерлермен жұмыс жүргізу бөлімшесінің берген деректерінің негізінде;

3) осы Ереженің 6-тармағының 4)тармақшасы бойынша (бөлімшенің қызметкерлерінің бөлігінде) – Жауапты бөлімшелердің басшыларының берген деректерінің негізінде;

4) Ереженің 6-тармағының 3-1) және 4) тармақшасы бойынша (алқалық жұмыс органдарының және уәкілетті алқалық органдардың құрамындағы хатшылар бөлігінде) – Банктің алқалық органдарының қызметіне ілеспелі қызмет көрсететін бөлім басшылары берген деректерінің негізінде;

5) Ереженің 6-тармағының 4-1) тармақшасы бойынша - қызметкерлермен жұмыс жөніндегі бөлімшелер берген деректердің (бұйрықтардың) негізінде;

6) осы Ереженің 6-тармағының 6), 7) тармақшалары бойынша Банктің инсайдерімен шарттар жасауға бастама жасайтын жауапты бөлімшелердің басшыларының берген деректерінің негізінде;

7) Ереженің 6-тармағының 5) тармақшасы бойынша Банктің акционерінен (-лерінен) алынған комплаенс-бақылау бөлімшесінің деректерінің негізінде.

Комплаенс және ішкі бақылау бөлімшесі осы тармақта көрсетілген бөлімшелер мен тұлғалардан тиісті деректер алған күннен бастап Банктің инсайдерлер тізіміне өзгеріс енгізеді.

9. Жауапты бөлімшелер:

1) жауапты бөлімшелердің өкімінде бар мәліметтерден және құжаттардан шығара отырып, Банктің инсайдері ретінде тұлғалардың санатының құқыққа сай екендігіне талдау жүргізу;

2) Банктің инсайдерлерінің тізімін өзгерген жағдайда Ереженің №2 қосымшасына сәйкес өзгерту үшін негіз туындағаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей негізді өзгерту үшін Ережеге №2 қосымшаға сәйкес комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесіне деректерді береді.

10. Комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесі:

1) Ереженің №2 қосымшасына сәйкес ақпаратты комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесінен Банктің жауапты бөлімшелеріне беруге бақылауды жүзеге асырады;

2) Банк Инсайдерлерін Банктің инсайдерлерінің тізіміне/тізімінен енгізу/шығару туралы, осы Ереженің №3, 4 қосымшаларына сәйкес нысаны бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану және өкімдеу бойынша Ережені және Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы хабарлайды. Хабарлама Банктің инсайдерлерінің тізіміне/тізімінен енгізу/шығару күнінен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей Банкке белгілі мекенжай бойынша (тапсырысты хатпен) не Банктің инсайдерлерінің тізіміне енген тұлғаға электрондық пошта бойынша жіберіледі. Банктің қызметкерлері бойлып табылатын Банктің инсайдерлеріне хабарлама ішкі электрондық құжат айналымы бойынша жіберіледі. Қызметкерді жұмысқа қабылдаған кезде, қызметкермен жұмыс жүргізу бөлімшесі оны Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын жарияламау туралы хабарламамен қол қойдырып таныстырады (Ережеге №6-қосымша);

3) Банктің инсайдерлерінің шоғырландырылған (электрондық түрде және қағаз тасымалдаушыда) тізімін олар жасалған сәттен бастап 5 жылдың ішінде сақтауды жүргізеді.

11. Комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесі Банктің Басқармасының төрағасының қолымен не осындай қол қоюға уәкілетті тұлғаның қойылған қолымен Банктің инсайдерлерінің тізімін келесілерге береді:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі уәкілетті орган) – оның талап етуі бойынша, талапта көрсетілген мерзімде;

2) «Қазақстандық қор биржасы» АҚ (бұдан әрі - KASE) – бірінші айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша есептік тоқсаннан кейінгі келесі тоқсан сайын, есептік тоқсанның аяқталуы бойынша 30 күнтізбелік күннің ішінде;

 Еуразиялық Банк	ЕР	1-бет5 11
	ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕСІ	

3) Банк инсайдері болып табылатын эмитенттерге қатысты, (оның ішінде эмитенттің инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Банктің қызметкерлерінің бөлігінде) – жазбаша сұрау алғаннан кейін 5 жұмыс күнінің ішінде.

§ 2. Банктің инсайдерлері үшін шектеулер

12. Банктің Инсайдерлері құқылы емес:

1) Банктің инсайдерлік ақпаратын эмитенті Банк инсайдер болып табылатын Банкке қатысты ұйым болып табылатындармен бағалы қағаздармен (туынды қаржылық құралдармен) мәміле жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалануға;

2) Банктің Инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге немесе Банктің немесе инсайдер болып табылатын Банкке қатысты ұйымның үшінші тұлғаларына Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқаларда қолжетімділік жасауға;

3) үшінші тұлғаларға Банктің Инсайдерлік ақпаратын Банк немесе Инсайдер болып табылатын Банкке қатысты ұйымға негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасау туралы кепілдемелерді беруге.

13. Осы Ереженің талаптарын Банктің инсайдері бұзғаны туралы ақпаратты алған кезде, оның ішінде KASE-ден немесе Банктің бөгде тұлғаларынан хат түскен кезде Банк кінәлі тұлғаларды немесе ақпараттың таралу көзін айқындау мақсатында, қызметтік тексеру жүргізуге бастама жасайды. Тексеру «Еуразиялық банк» АҚ-та Қызметтік тексерулерді жүргізу ережесіне және «Еуразиялық банк» АҚ ақпараттық қауіпсіздік аумағындағы инциденттерді тергеу бойынша нұсқаулықтарға сәйкес жүргізіледі.

14. Банк қызметтік тексерулердің нәтижесі бойынша келесі шешімдерді қабылдайды:

1) заттардың шынайы жағдайы туралы Банктің баспасөз релизін шығару туралы;

2) тиісті биржаға, қаржыны қадағалау органына немесе сот органына жүгіну;

3) болашақта Ережені бұзуға жол бермеу туралы;

4) Ережені сақтауға бақылауды күшейту туралы;

5) ҚР еңбек заңнамасында қарастырылған Банктің қызметкерлеріне тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану;

6) Банктің инсайдерінің әрекеттерінен/әрекетсіздігінен Банкке келтірілген материалдық залалдың және/немесе іскерлік абыройына залалдың орнын толтыруды талап ету;

7) кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін (қылмыстың белгілері бар болуында) құқық қорғау органдарына істің материалдарын жіберу туралы;

8) өзге де заңды шаралар.

§ 3. Банк тараптық ұйымдардың инсайдері ретінде

15. Банктің Инсайдерлік ұйымдарының тізіміне қосу туралы тыс ұйымдардан хабарлама түскен кезде, комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесі келесілерді орындайды:

1) жауапты бөлімшелермен келісім бойынша, Банктің Инсайдері ретінде тұлғалардың санатының құқыққа сай екендігіне талдау жүргізеді;

2) оңды қорытынды кезінде, Банктің инсайдері болып табылуына қатысты ұйымдардың тізіміне ақпаратты енгізеді және осы ұйымдардың инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Банктің қызметкерлерінің тізімін жасайды. Ұйымдардан тиісті сұрау түскен кезде, Банк 5 жұмыс күнінің ішінде Банктің қызметкерлерінің тізімінің деректерін береді.

3) Ереженің №3 қосымшасына сәйкес олардың инсайдерлік ұйым деп танылғаны туралы Банктің қызметкерлеріне хабарлайды;

4) Банктің Инсайдері болып табылуына қатысты ұйымдардың тізімі және осы ұйымдардың инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Банктің қызметкерлерінің тізімін оны жасаған сәттен бастап 5 жылдың ішінде сақтауды жүргізеді.

16. Банк KASE инсайдері ретінде 5 жұмыс күнінің ішінде KASE инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттемелерінің арқасында иеленген өзінің қызметкерлері туралы ақпаратты KASE-ге береді. Ақпарат жауапты бөлімшелердің деректерінің негізінде комплаенс-бақылау бөлімшесіне жіберіледі. Ақпарат жауапты бөлімшелердің деректерінің негізінде комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесіне жіберіледі.

 Еуразиялық Банк	ЕР	1-бет6 11
	ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕСІ	

17. KASE инсайдерлері тізіміне енген тұлғалар олардың құнды қағаздармен жүргізген барлық операциялары туралы, олардың қолжетімділігі бар инсайдерлік ақпарат туралы, сондай-ақ Ереженің №5 қосымшасында келтірілген нысан бойынша KASE акцияларымен олардың жүргізген операциялары туралы KASE-ні ақпараттандыруға міндетті.

§ 4. Банктің инсайдерлерінің дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау

18. Банктің жеке тұлғалары – инсайдерлерінің дербес деректерін жинау, өңдеу және сақтау келесідей жүргізіледі:

1) Ереженің 6-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілгендер Банктің қызметкері болып табылатындарға ҚР Еңбек кодексінің 5-тарауының және ҚР «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес енгізіледі;

2) Ереженің 6-тармағының 1) және 5) тармақшаларында көрсетілгендер Банкпен ерекше қатынастағы байланысы бар тұлғалардың тізілімдерін жүргізу бойынша ҚР заңнамаларының талаптарына сәйкес жүргізіледі.

19. Заңды тұлға-Банктің инсайдерлері, Ереженің 6-тармағының 5) – 7), 10) тармақшаларында көрсетілген осы Ереженің №2 қосымшасының нысанына сәйкес ай сайынғы негізде, әр есептік айдың 10-күнінен кешіктірмей Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өздерінің қызметкерлері туралы ақпаратты Банкке хабарлайды, не есептік кезеңнің өзгеруі болмаған жағдайда ертеректегі берілген ақпараттың өзектілігін растайды және Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікті өзінің қызметтік жағдайы мен еңбек міндеттемелерінің арқасында иеленген өзінің қызметкерлерінің берілетін дербес деректері ҚР Еңбек кодексінің 5-тарауының және ҚР «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңының талаптарына сәйкес жиналатынына және берілетініне кепілдік береді.

§ 5. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібі

20. Азаматтық-құқықтық шарттар жасаған жағдайда, үшінші тұлғалар Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратына қолжетімділік алуы мүмкін болғанда, шартта үшінші тұлғалардың осы Ереженің талаптарын сақтауы туралы міндеттемелер қарастырылуы тиіс. Осы тармақтың сақталуы үшін жауапкершілік Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік алушылармен шарттарды жасауға бастама жасаушы жауапты бөлімшелерге жүктеледі.

21. Тыс ұйымдардан Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын беру туралы сұрау түскен кезде ақпаратты жіберу кезінде жауапты бөлімше ішкі электрондық құжат айналымы арқылы комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесімен келісу жүргізеді. Комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесі сұраудың және инсайдерлік пен құпия ақпаратты берудің құқыққа сайлығына талдау жүргізеді. Оң қорытынды кезінде комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесі жауапты бөлімшеден ұйымның инсайдерлерінің тізімін және Банктің инсайдерлерінің тізіміне енгізу үшін хабарлама жасау үшін осы ұйымның Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі болатын инсайдерлерінің тізімін сұрайды. Одан әрі қарай жауапты бөлімше Банктің инсайдерлерінің тізімін жаңарту бойынша мониторинг жүргізеді және өзгерген жағдайда комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесіне 5 жұмыс күнінің ішінде береді.

2-тарау Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік тәртібі және инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғау ережесі

22. Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік шектелген және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, осы Ережеге және өзге Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар Банктің Инсайдерлері және бұл туралы хабарландырылғандар Банктің сайтында www.eurasian-bank.kz және www.eubank.kz орналастырылған осы Ережемен танысуға және осы Ереженің талаптарын сақтауға міндетті, сондай-ақ Банктің Инсайдерлік ақпаратқа қатысты Банк бекіткен мәліметтерінің құпиялылық режимін орындауға және үшінші тұлғалардың мәліметтерінің деректеріне қолжетімділікті шығарып тастау үшін шаралардың алдын алуға міндетті.

 Еуразиялық Банк	ЕР	1-бет7 11
	ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕСІ	

24. Банктің қызметкерлерінің олардың өздерінің лауазымдық міндеттемелерін жүргізу үшін қажетті көлемде Банктің Инсайдерлік ақпаратына қатысты мәліметтерге қолжетімділік құқығы болады.

Қолжетімділікті беру үшін негіз Банктің Басқарма Төрағасының лауазымға тағайындау туарлы Бұйрығы не еңбек міндеттемелерін жүргізу процесінде мәліметтердің деректерін пайдалану болжанылатын өзге бұйрық болып табылады.

Банктің жаңа қызметкеріне Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік ол тек осы Ережемен, лауазымдық нұсқаулықтармен және жаңа қызметкерге қолжетімділік берілген Банктің ақпараттық жүйесімен жұмыс тәртібін реттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен танысқаннан кейін ғана беріледі.

Қызметкердің көрсетілген құжаттармен танысуы үшін жауапкершілік қызметкердің бөлімшесінің басшысына жүктеледі.

25. Мәртебесі бойынша Банктің Инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі жоқ Банктің қызметкері немесе Банкке қатысты Инсайдер болып табылатын ұйым, бірақ сол немесе басқа себептер бойынша Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпарат белгілі болса, келесілерге міндетті:

- 1) Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау бойынша шараларды қабылдауға;
- 2) осындай Инсайдерлік ақпараттың үшінші тұлғаларға берілуін немесе таратылуын алып тастауға;
- 3) осы дерек туралы ол жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің басшысын комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесіне мәліметтендіруге.

26. Банктің Инсайдерлік ақпаратының құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында:

- жекеленген пайдаланушылар мен пайдаланушылардың тобы арасында құқықтарды бөлу қарастырылатын Банктің ақпараттық жүйесінің әр түрлі деңгейіне қолжетімділікті шектеу жүйесін, сондай-ақ пайдаланушылардың әрекеттеріне бақылауды қарастырады;

1) Инсайдерлік ақпаратқа қатысты мәліметтерге қолжетімділік алған тұлғаларға Банктің аумағында олардың Банктің Инсайдерлік ақпаратты пайдаланудың белгіленген тәртібін сақтауы үшін қажетті талаптарды жасайды, оның ішінде бөгде тұлғалардың Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпараттың материалдық тасымалдаушылары сақталатын жерге, Банктің үй-жайларына қолжетімділігін шектейді;

2) Қазақстан Республикасында бекітілген заңдардың тәртібінде Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану тәртібін бұзған тұлғаларды жауапкершілікке тартуға бағытталған әрекеттерді, оның ішінде Банкке келтірген залалдарының орнын толтыруды талап ететін әрекеттерді жасайды;

3) Банктің Инсайдерлік ақпаратын пайдалану тәртібін сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

27. Банк Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік тәртібін құқыққа сай емес пайдаланудан сақтауды қамтамасыз ету үшін, Банктің Инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын қорғауға бағытталған арнайы рәсімдерін қосымша енгізуге құқылы, оның ішінде:

1) Инсайдерлік ақпаратты сақтау, пайдалану, алу кезінде Банктің құрылымдық бөлімшелерінің өзара әрекетінің рәсімдері, сондай-ақ Инсайдерлік ақпаратты баяндайтын материалдық құндылықтарды жою;

2) Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті жүзеге асыратын жұмыс орындарын қорғау жөніндегі рәсімдер және Инсайдерлік ақпаратқа қатысты мәліметтердің материалдық тасымалдаушыларын кедергісіз қолжетімділіктен және байқаудан сақтау орны;

3) Инсайдерлік ақпаратты жоғалудан және оған арналар бойынша санкцияландырылмаған қолжетімділіктен қорғайтын Банктің Ақпараттық жүйесін қорғау рәсімдері.

3-бөлім. Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету тәртібі мен мерзімі

28. Банктің Инсайдерлік ақпараты Банктің корпоративтік веб-сайтында орналастырылу жолымен және (немесе) осы Ереженің мемлекеттік және орыс тілінде анықталған, мерзімді басылымдарында жарияланған, бірақ KASE интернет – ресурсында және қаржылық есептіліктің депозитарийінде орналастырылғаннан ерте емес мерзімде ашып көрсетіледі.

29. Осы Ереженің №1 қосымшасының 1-тармағында көрсетілген Банктің корпоративтік оқиғалары туралы, тізімдемесі Қазақстан Республикасының заңнамаларында анықталған Инсайдерлік ақпарат, оның туындауы күнінен бастап 5 жұмыс күнінің ішінде қаржылық есептіліктің депозитарийінің интернет – ресурсында және KASE интернет – ресурсында KASE ішкі құжаттары бекітілген тәртіпте және мерзімде орналастырылады.

 Еуразиялық Банк	ЕР	1-бет8 11
	ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕСІ	

30. Осы Ереженің №1 қосымшасының 2-т. көрсетілген Банктің оның бағалы қағаздарын ұстаушылардың мүддесін қозғайтын Банктің қызметіндегі өзгерістер туралы Инсайдерлік ақпарат қаржылық есептіліктің депозитарийінің интернет – ресурсында және KASE интернет – ресурсында KASE ішкі құжаттарды бекітілген тәртіпте және мерзімде орналастырылады және оның туындауы күнінен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде Уәкілетті органға хабарландырылады. Оның туындауы күнінен бастап күнтізбелік 15 күннің ішінде, бірақ ол KASE интернет – ресурсында және қаржылық есептіліктің депозитарийінде орналастырылғаннан кейін өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

31. Осы Ереженің №1 қосымшасының 3-т. көрсетілген Банктің Инсайдері болып табылған өзге ақпарат KASE интернет – ресурсында (егер оны беру KASE ішкі құжаттарды бекітілген тәртіпте және мерзімде орналастыру KASE ішкі құжаттарында қарастырылса), қаржылық есептіліктің депозитарийінің интернет – ресурсында және (немесе) Банктің корпоративтік веб-сайттарында жарияланады. Ақпарат KASE интернет – ресурсында және қаржылық есептіліктің депозитарийінде орналастырылғаннан кейін өзге бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы мүмкін.

32. Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес, Инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының тізімдемесі:

- 1) Банктің корпоративтік веб-сайты – www.eubank.kz және www.eurasian-bank.kz;
- 2) интернет – ресурс KASE – www.kase.kz;
- 3) қаржылық есептіліктің депозитарийі интернет – ресурсы – www.dfo.kz;

немесе

4) мерзімді басылымы (қоса алғанда, онымен шектелмей) – «Егемен Қазақстан» газеті (www.egemen.kz), «Экспресс - К» (www.express-k.kz).

Ақпаратты жариялау тәртібі Банктің ішкі нормативтік құжаттарында анықталады.

33. Банктің бағалы қағаздары сауда ұйымдарының тізіміне енгізілген кезде, Банктің инсайдерлерінің тізіміне енген Банк және тұлғалар Банк туралы Инсайдерлік ақпараттың ашып көрсетілуін қамтамасыз етеді және шығарылған (берілген) олардың бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдардың) ашып көрсетілуі сауда ұйымдарының ережесі бекіткен талаптарды және тәртіпте осы бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдардың) саудаларының басталуына дейін Банктің қызметіне және олардың құнына әсер етуі мүмкін.

34. Сауда ұйымдарының тізіміне енгізілген бағалы қағаздарға жүгінген кезде, шетел мемлекеттерінің аумағында қызмет істейтін қор биржаларының сауда жүйелерінде Банктің Инсайдерлік ақпараты келесі тәсілдердің бірімен ашып көрсетілуі тиіс:

1) Банктің Инсайдерлік ақпаратын тұлғалардың арасында кеңінен таратуды болжайтын хабарлама, бір уақытта Банктің бағалы қағаздары енгізілген Тізімдегі қор биржаларының барлық мекенжайына жіберіледі, одан соң Банктің корпоративтік веб-сайтында орналастырылады;

2) Банктің Инсайдерлік ақпаратын тұлғалардың арасында кеңінен таратуды болжайтын хабарлама, Қазақстан Республикасының аумағында қызмет істейтін қор биржаларының мекенжайына жіберіледі, Банктің бағалы қағаздары енгізілген тізімдегі шетел мемлекеттерінің аумағында қызмет істейтін қор биржаларының мекенжайына жіберіледі, одан соң Банктің корпоративтік веб-сайтында орналастырылады.

35. Банктің Инсайдерлік ақпаратын осы Ережеде бекітілген бірнеше бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырған (жариялаған) кезде, Банктің Инсайдерлік ақпаратын ашып көрсету күні Инсайдерлік ақпараттың бұқаралық ақпарат құралдарында бірінші орналастырылған (жарияланған) күні болып есептеледі.

3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

36. Осы Ереже Банктің корпоративтік веб-сайтында мемлекеттік және орыс тілінде орналастырылады.

37. Банктің Инсайдерлері, қызметкерлері осы Ережеде баяндалған талаптардың сақталуы үшін жауапкершілікте болады.

38. Жауапты бөлімшелердің басшылары комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесіне Банктің инсайдерлерінің тізімі бойынша ақпаратты толық, сенімді және өз уақытында бермегені үшін жеке жауапкершілікте болады.

39. Жауапты бөлімшелердің басшылары, егер осындай жауапкершілік лауазымдық нұсқаулықта қарастырылмаған жағдайда, Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын жариялағаны үшін жауапкершілік Банк қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына енгізілуі үшін жауапкершілікте болады.

40. Жауапты бөлімшелердің басшылары оны тыс ұйымдарға жіберген кезде Банктің инсайдерлік және құпия ақпараттың өз уақытында комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесіне берілуі үшін бақылау жүргізеді және Ережеде баяндалған талаптардың сақталуына жауапкершілікте болады.

41. Жауапты бөлімшелердің басшылары комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесіне Банктің инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар өзінің бөлімшелері мен ұйымдарының қызметкерлері бойынша тізімді беру бойынша бақылау жүргізеді және жауапкершілікте болады.

42. Осы Ережеде қарастырылған шектеулерді сақтамаған жағдайда, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғанда және таратқанда, осындай бұзушылықтарға жол берген тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктерге тартылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес олар тәртіптік жауапкершілік шараларына тартылуы мүмкін.

43. Ереженің талаптарын орындамағаны/тиісті орындамағаны үшін жауапкершілік Ережеде реттелген процеске қатысушы құрылымдық бөлімшелердің басшыларына жүктеледі.

44. Ережеде бекітілген талаптарды орындауды бақылау жауапты бөлімшелердің және комплаенс-бақылау және ішкі бақылау бөлімшесінің басшыларына жүктеледі.

45. Ереже ІНҚ ДБ енгізілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен бастап күшіне енеді және Банктің барлық қызметкерлері басшылыққа алуға және қолдануға жалпыға бірдей қолдануға міндетті болып табылады.

46. Осы ережеде реттелмеген мәселелер ҚР заңнамасына және Банктің ІНҚ сәйкес шешіледі.


Басқарма төрағасы

М.Д. Эгглтон

 Еуразиялық Банк	ЕР	1-бет10 11
	ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕСІ	

ҚОСЫМШАЛАР

№ р/с	Қосымшалардың нөмірі	Қосымшалардың атауы
1	№1 қосымша	Банктің инсайдерлік ақпаратының тізімдемесі
2	№2 қосымша	20__ж. «__» _____ «Еуразиялық Банк» АҚ-та инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті иеленген тұлғалардың тізімі
3	№3 қосымша	«Еуразиялық Банк» АҚ-та Инсайдер мәртебесін иелену туралы заңды тұлғаның хабарламасы
4	№4 қосымша	«Еуразиялық Банк» АҚ Инсайдерлердің тізімінен шығару туралы хабарламасы
5	№5 қосымша	Қаржылық құралмен операцияларды инсайдердің жасауы туралы хабарлама
6	№6 қосымша	Банк қызметкерін Банктің инсайдерлік және құпия ақпаратын жарияламау туралы хабарлама
7	№7 қосымша	Ережені жүзеге асыру бойынша шаралар Жоспары

 Еуразиялық Банк	ЕР	1-бет11 11
	ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ІШКІ БАҚЫЛАУ ЕРЕЖЕСІ	

ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ПАРАҒЫ

№ р/с	Хаттама нөмірі	Хаттама күні	Күшке енген күні	Өзгеріс бастамашысы
1.	№35	06.04.2018	04.07.2018	Комплаенс және ішкі бақылау қызметі
2.				
XX.				